Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысының №15 хаттамасы

Қордай ауылы **30.10.2026 жыл**
ӘDILET» партиясы филиалының мәжіліс залы **сағат 10:00**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 7 адам.
Қатыспағандар: - К.Агибаева, Қ.Батыров *(себепті, денсаулығына байланысты),* Т.Апаева *(себепті, іссапарда),* М.Аманбаева *(себепті, еңбек демалысында).*
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Күн тәртібі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы

Бүгін Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы Нұржан Молдабековтің төрағалығымен кеңес мүшелерінің қатысуымен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген басым міндеттерді талқылауға арналған кезектен тыс отырыс өтті.

Отырыс барысында Мемлекет басшысының елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету, инфрақұрылымды жаңғырту, көлік-логистика және энергетика салаларын дамыту, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру, шағын және орта бизнесті қолдау, цифрландыру мен жасанды интеллектіні енгізу, халықтың әл-ауқатын жақсарту және мемлекеттік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру бағытындағы міндеттері кеңінен қаралды.

Президент 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл бастама аясында еліміздің барлық өңірінде жолдар, әуежайлар, вокзалдар, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандарын салу мен жаңғырту көзделген.

Мемлекет басшысы 2027 жылды «Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы» деп жариялау ұсынылды. Бұл бастама аясында еліміздің барлық өңірінде жолдар, мектептер, ауруханалар және басқа да әлеуметтік нысандар салу мен жаңғырту көзделген. Ең төменгі жалақыны 85 000 теңгеден 110 000 теңгеге дейін көтеру ұсынылды және 79 мың учаскелік дәрігер мен

мед.персоналға үстемақы 40 пайыз өсетінін және бұл өзгеріс тек еңбек өтілі үзілмей еңбек еткен учаскелік дәрігер мен мед.персоналдарға қолданылады. Бұл өзгеріс 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуі жоспарланған.

Талқылау барысында қоғамдағы татулық пен бірлікті сақтау, азаматтардың ел болашағына деген жауапкершілігін арттыру және мемлекеттік саясаттың нақты нәтижелерге бағытталуының маңыздылығына ерекше назар аударылды. Сонымен қатар, елдің тұрақты дамуы әрбір азаматтың белсенділігіне, қоғамдық келісімнің нығаюына және ортақ мақсат жолындағы бірлескен іс-қимылға тікелей байланысты екені атап өтілді. Осы ретте Қоғамдық кеңестің қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты нығайтудағы, тұрғындардың ұсыныс-пікірлерін жеткізудегі және маңызды мәселелердің шешілуіне қоғамдық бақылау жүргізудегі рөлі айрықша екені айтылды.

Отырыс қорытындысында Қоғамдық кеңес мүшелері Жолдауда айқындалған міндеттердің ел дамуы үшін маңыздылығын атап өтіп, олардың өңірлік деңгейде жүзеге асырылуына қоғамдық бақылауды күшейту, азаматтық белсенділікті арттыру және жергілікті жерлердегі өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал ету қажеттігін жеткізді.

Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы – **Р.Имашева**